АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ
ҰЙҒЫР АУДАНЫНЫҢ
ӘКІМІ

АКИМ
УЙГУРСКОГО РАЙОНА
АЛМАТИНСКОЙ ОБЛАСТИ

ӨКІМ

22 желтоқсан 2021 жыл

Шонжы ауылы

РАСПОРЯЖЕНИЕ

№ 296 ж/қ

село Шонжы

Міндетін жүктеу туралы

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңының 37-бабының 3-тармағы, «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасы Заңының 38-бабының 1-тармағына, 56-бабының 6-тармақтарына және Ұйғыр ауданы әкімдігінің «Ұйғыр ауданының мемлекеттік мекемелерін қайта құрудың кейбір мәселелері туралы» 23 қараша 2021 жылғы №350 қаулысына сәйкес:

1. «Ұйғыр ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің басшысы лауазымы міндетін уақытша атқару Талғат Турдалыевич Сайдахметовке 2021 жылдың 22 желтоқсанынан жүктелсін.

Негіздеме: Т.Сайдахметовтың келісім хаты.

Аудан әкімі Ш.Нурахунов

000431

АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ
ҰЙҒЫР АУДАНЫНЫҢ
ӘКІМДІГІ

АКИМАТ
УЙГУРСКОГО РАЙОНА
АЛМАТИНСКОЙ ОБЛАСТИ

ҚАУЛЫ

23 қараша 2021 жыл

Шонжы ауылы

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

№ 350

село Шонжы

Ұйғыр ауданының мемлекеттік мекемелерін қайта құрудың кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 27 желтоқсандағы Азаматтық кодексінің (Жалпы бөлім) 42, 45, 46 және 47-баптарына, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31-бабына, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңының 18-бабына, Алматы облысы әкімдігінің 2021 жылғы 04 қарашадағы №412 «Алматы облысының мемлекеттік басқару құрылымы туралы» қаулысына сәйкес, Ұйғыр ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Келесі мемлекеттік мекемелер қайта құрылсын:

1) «Ұйғыр ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесі, «Ұйғыр ауданының дене шынықтыру және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесі «Ұйғыр ауданының ішкі саясат бөлімі» мемлекеттік мекемесінің құрамына қосылу арқылы;

2) «Ұйғыр ауданының қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі «Ұйғыр ауданының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі» мемлекеттік мекемесінің құрамына қосылу арқылы;

3) «Ұйғыр ауданының жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесі " Ұйғыр ауданының ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құрамына қосылу арқылы;

4) «Ұйғыр ауданының сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесі «Ұйғыр ауданының құрылыс бөлімі» мемлекеттік мекемесінің құрамына қосылу арқылы;

5) «Ұйғыр ауданының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесі «Ұйғыр ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің құрамына қосылу арқылы.

2. Келесі мемлекеттік мекемелер қайта аталсын:

1) «Ұйғыр ауданының ішкі саясат бөлімі» мемлекеттік мекемесі «Ұйғыр ауданының ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесі болып;

000566

2) «Ұйғыр ауданының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі» мемлекеттік мекемесі «Ұйғыр ауданының экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі болып;

3) «Ұйғыр ауданының ауыл шаруашылығы бөлімі» мемлекеттік мекемесі «Ұйғыр ауданының ауыл шаруашылығы және жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесі болып;

4) «Ұйғыр ауданының құрылыс бөлімі» мемлекеттік мекемесі» Ұйғыр ауданының құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесі болып;

5) «Ұйғыр ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесі «Ұйғыр ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және тұрғын үй инспекциясы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесі болып.

3. Қайта ұйымдастырылған мемлекеттік мекемелердің өткізу актісі осы қаулының 1-6 қосымшасына сәйкес бекітілсін.

4. Қайта аталған мемлекеттік мекемелердің ережесі осы қаулының 7-11 қосымшасына сәйкес бекітілсін.

5. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қайта аталған мемлекеттік мекемелер аумақтық әділет органында мемлекеттік қайта тіркеуді жүргізсін.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімі аппаратының басшысына жүктелсін.

Ұйғыр ауданының әкімі **Ш. Нурахунов**